

2015 жылғы 19 маусымнан шыға бастады

№37 (65)  
21 ҚАЗАН  
ЖҰМА  
2016 ЖЫЛ  
www.e-islam.kz



Республикалық рухани-ағартушылық газеті

## ДІН ІСТЕРІ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МИНИСТРЛІГІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Өткен жұмада Астанадағы орталық коммуникациялар қызметі алаңында Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің алғашқы баспасөз конференциясы өтті.

БАҚ өкілдерімен өткен мәслихатқа Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Байұзақұлы Ермекбаев, Дін істері комитетінің төрағасы Ғалым Нұрмағамбетұлы Шойкин, Азаматтық қоғам комитетінің төрағасы Қуаныш Жұмабекұлы Асыллов, Жастар саясаты департаментінің директоры Ғабидолла Абдоллаұлы Оспанқұлов қатысты.

Жаңадан құрылған министрліктің алдында тұрған міндеттер мен басымдықтар жайында баяндаған министр Нұрлан Байұзақұлы қоғамда қызу талқылауға түскен сәләфизм ағымына заңмен тиым салу мәселесіне де тоқталған болатын. Біз бүгін министр Нұрлан Ермекбаевтың баяндамасын сол қалпында оқырман назарына ұсынып отырмыз.

### ЖҰМЫС 3 БАСТЫ БАҒЫТТА ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Қайырлы күн, құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері!

Бүгін сіздермен кездесіп, жаңадан



құрылған Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің алдында қандай міндеттер мен қандай жұмыс басымдықтары тұрғанын айтып беруге мүмкіндік болғанына қуаныштымын.

Барлық ақпарат құралдарымен бұдан кейін де тығыз жұмыс істейтімізге үміт

білдіргім келеді. Сіздермен тығыз өзара әрекеттесу мемлекеттің дін, азаматтық қоғам және жастар істері салаларындағы саясатын тұрғындарға жеткізіп отыруда және осы салалардағы мәселелер мен проблемаларды тиімді шешуде өте қажет деп білемін.

Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес Министрлік өз жұмысын келесідей 3 басты бағытта жүргізетін болады:

бірінші – дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, оның ішінде діни бірлестіктермен өзара әрекеттесу, азаматтардың діни сенім бостандығын құқығын қамтамасыз ету;

екінші – мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесуінің пәрменді моделін орнату;

үшінші – пәрменді мемлекеттік жастар саясаты.

Енді Министрліктің аталған үш бағыттағы жұмысына қысқаша тоқтала кетуге рұқсат етіңіздер.

### ДІН САЛАСЫ

Бұл саладағы ең маңызды міндет – еліміздің дамуының зайырлы қағидатын қамтамасыз ету және нығайту. Яғни, азаматтардың ар-ождан бостандығын бұлжытпай кепілдендіру, оның дінді таңдай алу немесе діннен бас тарту алу құқығын қамтамасыз ету - біздің зайырлылық моделіміздің айнымас негіздері ретінде қала береді.

(Жалғасы 2-бетте)

### БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Мамлюк МУСАЕВ:

### МҰСЫЛМАН - МҰСЫЛМАННЫҢ ТІЛЕКШІСІ




4-БЕТ

### «БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ӘЙЕЛ АЗАМАТШАЛАР ДІНИ САУАТТЫ БОЛУЫ КЕРЕК»

5-БЕТ

### АЛЛАНЫҢ МАХАББАТЫ УӘЖІП БОЛҒАН ПЕНДЕ



8-БЕТ

## МАЛЫМ - ЖАНЫМНЫҢ САДАҚАСЫ, ЖАНЫМ - АРЫМНЫҢ САДАҚАСЫ

Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Алла Тағалаға және пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) салауаттар мен сәлемі болсын.

Арлылық – адам бойындағы ең асыл қасиеттің бірі. Арлы кісі ұят, иба, намыс, қанағат, әдеп, шүкіршілік секілді бірқатар игі қасиеттерді бойына жинақтай білген мол парасат егесі. Қазақ халқы талайлы тағдырында сан түрлі қиындықтарды бастан кешсе де, арына дақ түсірмеген текті халық. Артық күлкі, артық ұйқы, артық тамақтың өзін арсыздыққа балаған ата-бабаларымыз ар тазалығына өткір сынмен қараған. Ел ішінде кең тараған «Мал сақтама, ар сақта», «Ердің құны бір ділдә, абыройы мың ділдә», «Ар иманның жолдасы», «Ақылдың болса, арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта» деген нақыл сөздер соның белгісі.

Ар-ұят, намысты сақтау – әдептіліктің белгісі. Әдептілік деген – үлкенге қамқоршы, кішіге мейірімді бола білу. Ұяты бар адам әдеп сақтай алады. Адам баласының бәрі бұл өмірде бақытты болсам дейді. Сол бақытқа жету үшін қолынан келген бар мүмкіндігін істеп бағады. Бірақ өкінішке қарай көбісі ақырет бақытына апарар жолды ұмытып жатады.

Намысты болу – барша көркем мінез-құлықтардың күре тамыры. Абырой, тұлғалық, құрмет секілді қасиеттер дәл осы намысты болумен байланысты. Алла Тағала намыс тұрғысынан екі тұлғаны мүмкіндерге ғибрат болулары үшін Құранда атап өтіп, оларды мақтаған. Олар «Юсуф» сүресіндегі Жүсіп (а.с.) және Исаның (а.с.) анасы Мариям анамыз.

«Сондай абыройын

қорғаған (Мариямға) рухымыздан үрледік. Сондай-ақ, өзін де ұлын да бүкіл әлемге ғибрат қылдық». (Әнбия сүресі, 91-аят). Намыстарын қорғағандар, мейлі әйел болсын, мейлі еркек болсын олар Алла Тағаланың нағыз кешірімі мен үлкен сауабына ие болады.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Кім маған тілі мен ар-намысын (ұятын) қорғау жайында уәде беретін болса, мен оған жәннатты уәде етемін» деген. (Бұһари, Рикақ 23) Сонымен қатар, еркектер мен әйелдер арасында ұят, ар-намыс, нәзіктік сияқты сезімдердің орын алуы да өте маңызды. Өйткені, Ислам діні барлық арсыздықтар мен ұятсыздықтарды, бүкіл жаман қасиеттерді харам деп бекіткен ұлық дін.

Хазреті пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде ұятты болуға шақыратын ұлағатты

сөздерін көп кездестіреміз. Ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Әрбір діннің өзіне тән мінезі бар, Исламның мінезі – ұяттылық» деген. (Ибн Мәжә)

Имран ибн Хусайннан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Ұят тек жақсылық әкеледі» деген. Басқа риуаятта: «Ұяттың барлығы да қайырлы» делінген. (Бұһари, Мүслим)

Ұят дегенді қолға ұстауға болмаса да, сезінуге, көзбен көруге әбден болады. Ар-намысына тырысып, ұялғанын жүзінен байқауға болады. Беті не құлағы қызарып немесе төмен қарап ұяттық белгісін көрсетеді. Мұндай іс-қимылдармен ұялу, қуану, ашулану, қайғыру, шошыну секілді істерді білдіріп отырады.

(Жалғасы 3-бетте)



# ДІН ІСТЕРІ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МИНИСТРЛІГІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Осы тұрғыдан алғанда қоғамымызда берік орныққан конфессияаралық келісімді одан әрі нығайту діни бірлестіктермен бірлескен жұмысымыздың аса маңызды бағыты болып қала береді.

Еліміздің дін саласының дамуы туралы тұтастай түсінік қалыптастыру үшін біз Дін саласындағы мемлекеттік саясат туралы концепцияны (тұжырымдаманы) әзірлеуді көздеп отырмыз. Бұл құжатта мемлекеттің дін саласындағы ұстанымы, стратегиялық мақсаттары мен жұмыс бағыттарын айқындайтын боламыз.

Бұл құжатты әзірлеуге сарапшыларды, дінтанушыларды, азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, оны қоғамның қатысуымен ашық түрде талқылауды жоспарлап отырмыз.

Концепция негізінде діни қызмет туралы заңнамаға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды дайындайтын боламыз.

Ұйымдастырушылық және заңнамалық шаралар мемлекет пен қоғамның зайырлылығын одан әрі нығайтуға бағытталады. Бұл діни білім алу тәртібін реттеуді, жасөспірімдерді діни қызметке заңсыз тартуға жол бермеуді, діни әдебиеттерді тарату тәртібін жетілдіруді қажет етеді.

Біз діндар адамдарға діни рәсімдерін өтеу үшін ыңғайлы, қолайлы жағдайлар жасайтын боламыз.

Осы орайда, менен «Дін саласындағы концепцияны әзірлеу мемлекеттің діннен бөліну қағидатына қаншалықты сәйкес келеді» деп сұрайтындар бар.

Меніңше, мұнда қандай да бір қайшылық жоқ, өйткені бүгінгі күнде діни бірлестіктер – қоғамдық өмірдегі шынайылық, азаматтық қоғамның бір бөлігі, ал мемлекет олардың қызмет

атқаруы үшін құқықтық жағдайлар мен орта қалыптастырады.

Осы тұрғыдан алғанда, Концепция – мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қатынастарға көзқарастар жүйесі, зайырлылық қағидатының тұғыры дер едім.

Дін саласындағы көптеген ведомстволардың жұмыстарын үйлестіру үшін Үкімет жанында ведомствоаралық комиссия құрылатын болады.

Осы орайда, Министрлік дінді теріс мақсаттарға пайдалануға ұмтылатын кез-келген әрекетке жол бермеу және жолын кесу үшін барлық шараларды қабылдайтынын атап айтқым келеді.

## ДИНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары негізгі 2 бағытта жүргізілетін болады: жалпы профилактика және мақсатты реабилитациялау жұмыстары:

1) жалпы профилактика қоғамда діни-экстремистік идеологияны жақтырмау ахуалын қалыптастыруды, дінге қызығушылық танытатын тұрғындардың сауатын көтеруді көздейтін болады;

2) мақсатты реабилитация тәуекел топтарымен, яғни экстремистік ағымдардың идеологияларына еріп кеткен адамдарды теологиялық тұрғыдан дәстүрлі сенімге қайтару мақсатында жеке жұмыстар жүргізу арқылы іске асырылатын болады.

Бұл бағыттағы іс-шараларда Ішкі істер министрлігінің түзеу мекемелерінде (колонияларда) жазаларын өтеушілермен жұмыс жүргізуге ерекше назар аударылатын болады.

Біз радикалдық идеяларға қарсы іс-қимыл және теріс діни ағымдардың

жетегінде жүрген діндар азаматтарды оңалту мәселелерінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен өзара әрекеттестікті күшейтуді жоспарлап отырмыз.

Жалпы, дін саласында басты рөл ойнайтын – діни бірлестіктер, солардың ішінде – Муфтият.

Мемлекет осы мақсатта мешіт қызметкерлерінің білім деңгейін көтеруге, оның қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге және олардың өз жұмыстарын зайырлылық жағдайына бейімдеуіне қолғабыс көрсететін болады.

## СӘЛӘФИЗМ – ҰЙЫМ ЕМЕС, КӨЗҚАРАСТАР ЖҮЙЕСІ

Министрлік қазіргі күнде тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп сәләфизм мәселесін мұқият қарастыруда.

Осыған дейін Қазақстанда 23 лаңкестік және экстремистік ұйымдарға, соның ішінде сәләфиттік бағыттағы «Ат-Тәқфир Уәл-Хиджра» экстремистік ұйымына тыйым салынғандығын атап өткім келеді.

Осы ретте сәләфизм ұйым емес екендігін атап өту қажет. Ол - діни ағым, көзқарастар жүйесі.

Еліміздің қолданыстағы заңдары қазіргі өзінде заңсыз уағыз жүргізу, жасырын діни жиындар мен радикалды діни әдебиеттерді таратудың жолын кесуге барлық мүмкіндіктерді береді. Оларды орындауды қамтамасыз ету керек.

## СӘЛӘФИЗМ ХАЛЫҚ ТАРАПЫНАН ТОЙТАРЫСҚА ҰШЫРАУДА

Сәләфизм тақырыбына келетін болсақ, мемлекеттік құрылысы шариятқа негізделген жекелеген елдерде сәләфизмге жақын діни ағымдар дәстүр ретінде орнығуы мүмкін.

Ал, Қазақстанға келер болсақ, отандық дінтанушылардың пікірінше, сәләфизм Қазақстан үшін айтарлықтай қауіп тудыратын әлеуетке ие.

Сәләфизм ұстанушыларының өз идеялары мен құндылықтарын біздің ұлттық мәдениетімізден, рухани дәстүрлеріміз бен құндылықтарымыздан жоғары қояды.

Сәләфилердің барлығы ашық айтпаса да қатаң діни қағидаларға құрылған мемлекетті қоғамдық құрылыстың «идеалды жүйесі» деп есептейді.

Біз қазіргі күнде ислам әлемінде, соның ішінде бірқатар араб елдерінің өзінде, сәләфизм идеялары беделді діни тұлғалар мен заманауи ислам ойшылдары тарапынан сынға ұшырап отырғанын көріп отырмыз.

Біз осыған байланысты сәләфизмді Қазақстан Республикасы үшін мүлдем жат әрі теріс діни ағым деп санаймыз.

Елімізге сырттан келген бұл діни ағым күн өткен сайын халық тарапынан тойтарысқа ұшырауда.

Жалпы, қазақстандық қоғам радикализмге жетелейтін бұл жат ағымға теріс көзқараста.

Осы себепті бүгінгі күнде еліміздегі сәләфизм жақтастарының саны азайып жатқандығы байқалады және олардың Қазақстанда ұйымдасқан құрылымдары жоқ.

Сондықтан алдағы уақытта сәләфизм идеологиясын насихаттайтын ұйымдардың пайда болуына, әдебиеттерінің таралуына және интернет-сайттарының жұмыстарына жол бермейтін боламыз.

Қажет болған жағдайда, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына діндар азаматтар тарапынан ел мешіттерінде бекітілген тәртіп ережелерін сақтауға көмектесетін боламыз.

## ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Біз қазақстандық дана халқымыз елімізге жат сәләфизм ағымының таралуына заңмен тыйым салмай-ақ жол бермейді және зайырлы қағидаларды басшылыққа алатын заманауи Қазақстанды құруды таңдайды деп сенеміз.

Бұл таңдауды Қазақстанның әрбір азаматы қолдауы тиіс. Жұмыла көтерген жүк жеңіл болады.

Бүгінде жекелеген азаматтар өзіміздің тілімізде орныққан сөздердің орнына кірме сөздерді пайдаланатынына таңғаламыз. Мысал үшін, біздің ана тіліміздегі байырғы ауыз ашардың орнына ифтар, ал Құдай қаласа сөзінің орнына иншаАлла деп айтудың ешқандай қажеті жоқ деп ойлаймыз.

Біздің ойымызша теріс діни идеологияға өзіміздің қазақы ұлттық мәдениетімізбен және Қазақстанда тұрып жатқан этностардың дәстүрлерімен мәдениетімен, рухани құндылықтарымен тойтарыс бере аламыз. Ежелгі заманнан бері ата-бабамыздан жалғасын тауып келе жатқан дәстүріміз, өзіміздің мәдениетіміз бар. Осыған байланысты біздің ұлттық дәстүрлі мәдениетімізге, әдет-ғұрыптарымызға қайшы келетін қайдағы бір шетелден келіп жатқан идеологияны немесе дәстүрлерді алу қисынсыз деп санаймыз.



# МАЛЫМ - ЖАНЫМНЫҢ САДАҚАСЫ, ЖАНЫМ - АРЫМНЫҢ САДАҚАСЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Әбу Хурайран (р.а.) жеткен хадисте Алланың елшісі (с.ғ.с.) былай деген: «*Ұят – иманнан, ал иман жеңнатта болады. Бұзық сөз – дәрежіліктен, ал дәрежілік тозақта болады*» (Термези). Сонымен қатар, көп күлу, қалжындау да ұялмаудың көрінісі. Бұл туралы хазірет Омардың (р.а.) мынадай сөзі бар: «Күлкісі көбейгеннің сұсы азаяды. Көп қалжындасатын адам келекеге ұшырайды. Кім нені көп істесе, сонысымен танылады. Көп сөйлеген адам – көп қателік жібереді. Қателікті көп істейтін адамның ұяты азаяды. Ұяты азайған адам күнәлі нәрселерге үйірсек келеді, ондай адамның жүрегі өледі» деген.

Егер адамдарда әдеп пен ұяты, қоғамдық пікірі болмаса, әрине, жер беті тек тәртіпсіздердің мекені болар еді. Жіберген қателіктері мен күнәлары үшін ұялмаса, адамдардан қымсынбаса, Алладан қорықпаса оны келеңсіз жаман істерден тыю мүмкін болмас еді. Сондықтан да, ел арасында мынадай мақалдар кең тараған. «Жарлы болсаң да, арлы бол», «Ұят бар жерде иман бар», «Ұялмаған бұйырмағаннан ішеді», «Ұяң адам – ұялшақ, ұятсыз адам – сұраншақ» тағы көптеген басқа да халық мақал-мәтелдері жиі кездесетіні бізге мәлім. Кезінде бабаларымыз көшіп-қонып, дала жұрты болғанының өзінде дүние, мал-жанға қарамастан, ар-намысты аяқ-асты таптатпаған. Себебі, ата-бабаларымыз «өлімнен ұят күшті» деп имандылықтың тұтқасынан мықтап ұстаған.

Намысшыл ата-бабаларымыз кез келген мәселеде ар-ұятты болуға тырысқан. «Ұят – ар сақтайды, арлыны ел мақтайды. Кімде ұят болса, иман сонда» деген қазақ мақалында осындай терең ой жатқанын байқауға болады.

*Ар-ұятың тұрса бойда жаңғырып,*

*Бұл парасат – әдептіге тән қылық.*

*Болу керек қасиетті ұстаным...*

*Ар мен ұят әр жүректен мәңгілік...*

Жалпы қазақ әдеп-ибасының тең жартысы әйелге байланысты айтылады екен. Қызға қырық үйден тыйым салатын бабаларымыз «әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деп, әйел затын ардақтауға шақырған. Дүниеде ұяттан сұлу нәрсе жоқ. Әдеп-иба адамдықтың белгісі деп, ар-ұят имандылықтың шарты еткен. Ұл жаманы үйге, одан қалса ауылға залал салады, ал қыз жаманы бір елді емес, екі елді бірдей шулатады деп, қыздың әдеп-ибасының ел әдебімен байланысты екенін жақсы қорытындылаған.

Дәстүрімізде әйелдер де күйеулерінің атын атамай «Отағасы», «әкесі» деп сыйлай сөйлеген. Сондай-ақ, келіндері ата-енесінің, қайын інілері мен сіңлілерінің есімдерін атамаған. Үлкен кісілердің алдын кесіп өтпеген. Мұсылман әйел қашан да Алланың бұйрығына сай ұятын сақтаған имандылығымен ерекшеленген.

Әйел баласының киімі жайында Құранда былай делінген: «*Мүмін әйелдерге де айт: өздеріне харам етілген нәрселерге қарамасын, ұятты жерлерін зинадан, күнә атаулыдан қорғасын, мәжбүр көрінген жерлерінен (бет, екі қол, тобықтан төмен екі аяқ) тыс әдептіліктерін көрсетпесін. Және бүркеншіктерін омырауларына түсірсін. Зейнеттерін көрсетпесін.*» (Нұр сүресі, 31-аят)

Әйел баласына тән әурет жерін жабық



кию үлгісі кемсітуден емес, қайта оны өте бағалы көріп, көздің қарашығындай көруден, сырт көзден, сондай-ақ, түрлі арсыздықтар мен кесірі қоғамға тиетін (зинақорлық, тастанды бала, түсік тастау секілді) ұятсыздық пен жамандықтардан сақтау үшін бекітілгенін ескерген жөн.

Мысыр елін Перғауындар әулеті билеп жатқан еді. Олар өте залым әрі тәкәппар адамдар болатын. Шекарадан қандай да бір бөтен әрі сұлу әйел өтсе, дереу Перғауынға білдірілетін. Егер тұрмысқа шыққан болса, сол мезетте күйеуі өлтірілетін, ал егер ағасы немесе інісі болса, одан әлгі әйелді сұрап алатын.

**КЕЗІНДЕ БАБАЛАРЫМЫЗ КӨШІП-ҚОНЫП, ДАЛА ЖҰРТЫ БОЛҒАНЫНЫҢ ӨЗІНДЕ ДҮНИЕ, МАЛ-ЖАНҒА ҚАРАМАСТАН, АР-НАМЫСТЫ АЯҚ-АСТЫ ТАПТАТПАҒАН. СЕБЕБІ, АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ «ӨЛІМНЕН ҰЯТ КҮШТІ» ДЕП ИМАНДЫЛЫҚТЫҢ ТҰТҚАСЫНАН МЫҚТАП ҰСТАДЫ.**

Ибраһим пайғамбар (а.с.) қасында Сара анамызбен бірге шекарадан өткенде, дереу сарайға хабар жеткізілді. Өте көрікті бір әйелдің сарайға келгендігі айтылады. Олар Сара анамызды алып, сарайға әкелді. Осы жайында хадисте былай делінген: «Сара сарайға кірген кезде дереу дәрет алып, екі рәкат намаз оқу үшін Алланың құзырында тұрды. Намазды бітірген соң Алла Тағалаға былайша жалбарынды: «Ей, Алла! Мен Саған әрі Сенің пайғамбарыңа иман келтірген, намысымды күйеуімнен өзге барлық адамдардан мұқияттылықпен қорғаған әйел болсам, онда мені мына бір көпірге қорлатпа...» деді.

Перғауын Сараның қасына жақын-ламақшы болды. Алайда бірден тынысы тарылды. Тіпті, аяқ-қолы да істемей қалды. Өйткені, Алла Сара анамызды оның жамандығынан қорғап тұрған еді. Осы жайт бірнеше рет қайталанды.

Перғауын қорыққаннан оны еркіне жіберді. Өзінің сарайындағы қызметші әйел Хажарды да оған сыйлық ретінде беріп жіберді. Бұған таңқалған айналасындағыларға: «Мына әйел жынды.

Қасымда тағы біраз уақыт болғанда, өліп кететін едім. Зиянынан сақтау үшін оған Хажарды да бердім» деді.

Қазақ иманын өмір сүрудің тірегі, ар-ожданның асыл ақиқаты деп ұққан. Сол себепті жүректен иман шыққаннан кеудеден жанның шығуын артық санаған. Оған халқымыздың мына бір сөзі куә: «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы». Бұл жерде қазақтың «арым» деп, отырғаны – иман. «Ұят кімде болса, иман сонда» деуі де осыған саяды. Ұятын сатқан жанды «иманын сатты», арсыз жанды «имансыз» деп бір сөзбен жеткізген. Бұл қазақтың аса иман-

тыяды. Ал Алланы еске алу – аса ірі нәрсе» (Әнкабут сүресі, 45-аят).

Сол себепті намаз арсыздық пен ұятсыздыққа бөгет болады. «Ұлы құстың ұясы биік болады» дегендей, ұлы адамның да ұяты биік болады.

«Мүмін басқаларды масқараламайды, әдепсіз, ұятсыз болмайды және лағынет айтпайды» деген (Термези).

«Расулулла (с.ғ.с.) бейпіл сөз айтпайтын және әдепсіздік істемейтін. Әрі сендердің абзалдарың мінез-құлығы жақсы болғандарын» дейтін. (Бұһари, Мұслим)

«Жаным арымның садақасы» деп, ар-намыс жолында шыбын жанның да құрбан екенін ескерткен екен дана халқымыз. «Өлімнен ұят күшті» деп, атадан балаға жалғасқан әдеп, ар-намысымызды әспеттей берейік.

Иә, арлылық ең ізгі қасиет десек, арсыздық адамға ешқашанда жақсылық, ола әкелмейді. Арсыз адамның екі дүниесі де қараңғы. Ел де арсыз адамнан қашады. Өзінің қара сөзінде «Жарлы болсаң, арлы болма» деген мақалдың дұрыс еместігін сынаған Абай атамыз да «Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын!» демеп пе еді?

– Ар Алладан берілетін қасиет. Қазақтың ар-намысын қай жағынан бағалап қарасаңыз да асқақ тұғырынан таймаған. Елбасымыз атап айтқандай, дамыған елу елдің қатарына кіруіміз керек. Егер біз намысқа тырыспасақ, ол мақсатқа жете алмаймыз. Ар-намыс осындайда керек. Ар-намыс спортта, білім мен ғылымда керек. Халқымыздың ар-намысы асқақтай түссін. Ұлттығымызды, елдігімізді жоғалтпайық. «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» деген ата тағылымы қашанда жадыңызда болсын, ардақты ағайын!



**Батырбек ҚАСЫМАЛИЕВ,**  
Жамбыл облысы  
Меркі ауданының бас имамы

ды, момын-мұсылман екендігінің белгісі.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «*Иманның 60 бұтағы бар. Соның бірі – ұяттылық*». «*Ұятты болу – иманнан*». «*Иман және ұят ажырамайтын егіздер, бірі жоғалса екіншісі де кетеді*» деген.

Халқымыз «Ұялмағаннан өзін ұял» деген. Ұят не үшін керек? Ұяттылық адамгершіліктің ең жоғарғы санаты болған соң, иман сияқты жақсылыққа бастап, жаманшылықтан сақтайды.

Хазірет Осман (р.а.) ұяты жағынан бізге үлгі боларлықтай теңдессіз тұлға болатын. Хазіреті пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тіпті періштелердің өзі одан ұялатынын айтқан. Ұяттан жұрдай болып, қоғамда да ұятсыздық пен арсыздықты жаюды қалайтындарды Алла Тағала былайша сынға алған: «*Расында сондай мүміндердің ішінде арсыздық жайылуын жақсы көргендерге: дүние, ахиретте күйзелтуші азап бар*». (Нұр сүресі, 19-аят) Сондай-ақ, намаз оқу да Алладан ұялу сезімін күшейтеді. Бұл туралы Алла Тағала Құран Кәрімде: «*Кітаптан саған уахи етілгенді оқы және намазды орында. Шын мәнінде, намаз арсыздықтан, жамандықтан*



Мамлюк МҰСАЕВ:

# МҰСЫЛМАН - МҰСЫЛМАННЫҢ ТІЛЕКШІСІ

Қазіргі таңда біз өмір сүріп отырған ортада ғана емес, әлем бойынша мейірімге мұқтаждық байқалады. Кезіндегі отарлау саясатының салдарынан қазақылығымыздан, ұлттығымыздан ажырап қалдық деп жатамыз. Ал, дінге бөт бұрдық деген кей жастарымыздың өз ата-анасын көпірге балап, ағайыннан алшақтауы мұсылмандыққа жатады ма? Біз бүгін осы тілеуестік, бауырмалдық тақырыбында дінтанушы Мамлюк МҰСАЕВ ПЕН сұхбаттасқан едік.

– Мамлюк аға, исламда мұсылман мен мұсылман арасындағы тілеуестік жайында не айтылған, әңгімемізді осыдан бастасак?

– Қазақ дүниетанымында да, мұсылманшылықта да тілеуестіктің орны айырықша. Зерделеп отырсақ, Құранның «Хужурат» деген сүренің оныншы аятында айтылған «Шын мәнінде мүміндер (бір-біріне) бауырлар» деген иләһи шамшырақ, тілеуестікке үндеп тұрған жоқ па.

Адамдар арасында Алла елшісінің (с.ғ.с.) сөзінен өткен ұлы сөз жоқ шығар. Одан асырып не айтуға болады. Бұқар жыраудың бір сөзі бар еді ғой: «Ер жігітке жарасар қолындағы найзасы, би жігітке жарасар еліне тиген пайдасы, келіншекке жарасар емшектегі баласы, бәйбішеге жарасар еміздіктенген сабасы, ақсақалға жарасар тілеуқорлық айласы» дейді. Бұрын ата-әжелеріміздің тобасын айтып, жұрт біткенге тілеуқор болып отыратын еді, біз соны көріп өстік. Қазіргі капиталистік, техногарттық қоғамда өмір сүріп отырған өтпелі кеңістіктің кептелісіне келіп тоқтаған елдің қарияларынан ондай риясыз тілеуестікті дәмәтудің өзі қиын. «Үмітсіз – шайтан» ғой. Ендігі арман-тілек өскелең ұрпақта. Солардың бауырмалдығы мен бір-біріне деген тілеулес болуына ақыл-кеңесімізді сауатты түрде түсіндіріп, ата жолын жадына сіңіруіміз керек қой деп ойлаймын.

– Осы тілеуестік дегеніміз қандай іс-әрекеттерден көрінеді?

– Тілеуестік ұғымы – жалпы адам баласында болатын қызғаныш сезімінің антонимдік мәні. Сондықтан, оның өмірімізде көрініс беретін жері көп. Мысалы, бір көршінің баласы оқуға тапсырғалы отыр, сен соған қазақтың бір баласы білімді болсын деп көршіңді шағын болса да шайға шақырып, шын ниетіңмен тілектестігіңді білдірсең... Міне, осындай көріністері болады. Кейде адамның қолынан келмейтін бір жағдайлар орын алады, мысалы бір жақын танысың хал үстінде жатыр делік, оның мүшкіл жағдайы бірінші Алланың құзыретінде, екінші білікті дәрігерлердің қолында. Соған сырттай Алладан шын ниетіңмен аман қалуын тілесең, міне, тілеуестік осындай нәзік нәрселермен байланысып жатады. Ал, бейнелей айтатын болсақ, айналамызда қаншама мұқтаж жандар бар, ал, көктемде су тасқынында қалатын ауылдар бар, соған көмек қолын созу да бір тілеуестік емес пе. Үйі бітпей жатқан жақындарымызға асарлатып барайық. Мұндай көрініс беретін тілеуестік амалдар ата-бабаларымызда өте көп болған. Яғни, тілеуестік – мұсылмандық мінездегі біздің ата салтымыз. Әсіресе, бай, мырза, саки адамдар кедей-жатақ, батырақтарға сауын, мініс ат берген мұндай дәстүрлі құндылықтар жібін үзбей жалғаса берсе, тілеуестік деген сол болады.

Сөзіме тиянақ ретінде айтайын, өткен жылы Қарағанды облысында, биыл СҚО-да көктемде су тасқынынан біраз ауылдар зардап шеккенін білесіздер. Осы ауылдарға ҚМДБ-ның

**ТЕРМИЗИ: «ЕКІ ДҰРЛІ ДҰҒАНЫҢ АЛЛАМЕН АРАДА БӨГЕТІ БОЛМАЙДЫ. БІРІНШІСІ - ЖӘБІР КӨРГЕН АДАМНЫҢ ЖАСАҒАН ДҰҒАСЫ. ЕКІНШІСІ - МҰСЫЛМАННЫҢ БАУЫРЫ ҮШІН ЖАСАҒАН ЖАСЫРЫН ДҰҒАСЫ» ДЕГЕН ХАДИСТІ КЕЛТІРЕДІ. АЛЛА ЕЛШІСІНІҢ (С.Ғ.С.) ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІНДЕ ТІЛЕУЕСТІККЕ ҮЛГІ БОЛАТЫН МЫҢДАҒАН МЫСАЛДАР ТАБУҒА БОЛАДЫ. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ (С.Ғ.С.) «ТУЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТЫ ҮЗГЕН АДАМ ЖӘННАТҚА КІРМЕЙДІ» ДЕГЕН ЕКЕН.**



ұйымдастыруымен ағайынгершілік танытып асарлатып бардық. Ішінде өзім де болдым. Өз көзіммен көріп, куә болдым. Шын мұқтаж ағайынға тілеуестік, бауырмалдық танытқан шараны көріп, халқымыздың әлі де болса ниеті түзу екен деген ойға қалдым. Бұл жерде Діни басқарма игі іске ұйытқы ғана болды. Ешқандай ауадан ақша келген жоқ, осы халықтан жинап халыққа берді. Қай мекеме осылай батпақ кешіп жүріп, көмек таратты? Бұдан әрі асырып айтсақ рия болар, осы жерден доғарайын. Міне, осындай істерден көрініс береді.

– Іштегі тілеуестік пен істегі тілеуестіктің паркы қандай?

– Жақсы сауал. Жалпы тілеуестік деген сөзін түпкі мағынасы – тіле, тілек дегеннен шығып отыр. Яғни, бұл тілдегі нәрсе. Жоғарыда көрінісін айттық. Базар жырау өте қарапайым: «Мұсылмандық кімде жоқ? Тілде барда дінде жоқ» дейді ғой. Осы біздің тілеуестігімізде тіліміздің ұшында ғана сияқты. Ол дінде болғанда тіптен қоғамда жатбауырлық, қатыгездік секілді келеңсіздікке кез болмас пе едік?! Сондықтан сұрағың өте орынды, бәрі осы «іштен» басталады. Ішімізде «ит мерез өліп, қасқыр ұлып» жатса, насақ толы болса мұсылмандығымыз жуыр маңда көгере қоймайды!

– Адамзаттың ардақты пайғамбары (с.ғ.с.)-ның ғибратты қиссалары мен өнегелі өсиеттерінде бұл жайлы не айтылған?

– Тілеуестік ұғымы ардақты Расулымыздың (с.ғ.с.) өсиеттерінде де ерекше дәріптелген. Айталық, Бұһари бабамыздың хадис жинағында: «Ең жылдам қабыл болатын дұға – мұсылманның бауыры үшін жасаған жасырын дұғасы» деген хадисі келген екен. Бұл – оның көзінше жасалған дұғадан жетпіс есе артық. Сонымен қатар, Термизи: «Екі түрлі дұғаның Алламен арада бөгеті болмайды. Біріншісі – жәбір көрген адамның жасаған дұғасы. Екіншісі – мұсылманның бауыры үшін жасаған жасырын дұғасы» деген хадисті келтіреді.

Алла елшісінің (с.ғ.с.) өнегелі өмірінде тілеуестікке үлгі болатын мыңдаған мысалдар табуға болады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Туыстық қатынасты үзген адам жәннатқа кірмейді» деген екен.

Туыстықтан бас тартудың құлшылыққа зияны бар. Бір күні Әбу Һурайра (р.а.) жұма күні мешітке кіріп «Біздің мешітімізге жоламасын!» деп үш рет қайталап айтты. Сонда одан:

– Ей, Әбу Һурайра, ол кім біздің мешітке жоламайтын, - деп жамағат ішіндегі кісі сұрады.

– Апа-қарындасынан, тума-туыстан қол үзген адам, - деп жауап берді ол. Сонда бір жас жігіт мешіттен шығып кетіпті. Ол өз туыстарымен екі жыл араласпай, хабарсыз кеткен екен. Кейіннен ол туыстарынан кешірім сұрап үйіне барады. Сонда одан туыстары:

– Сені қай жел айдап келді? — деп сұрайды.

– Мені айдап келген Әбу Һурайраның аузынан шыққан жел, - деді.

– Ол кісі не деді?

– Ол кісі (р.а.) туыстарынан қол үзген адам мешітке жоламасын, - деді. Ол (р.а.) пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) бір нәрсе естіген болар, оны нақтылап сұрайық, - деп Әбу Һурайраның (р.а.) алдына барады. Сонда Әбу Һурайра айтты: – Мен Алланың елшісінен (с.ғ.с.) естідім. Бейсенбі күні екінті намазынан кейін бүкіл жақсы амалдар айрықша көтеріледі. Жұма күнгі бір сағат тілек қабыл болады. Тек тума-туыстан, апа-қарындастан қол үзген адамдардың жақсы амалдары өзіне қайтады, - деді.

Әбу Аюб Әл Ансариден (р.а.) риуаят етілген хадисте пайғамбарымыз (с.ғ.с.) алдына бір далалық адам келіп:

– Қай амал мені жәннатқа жақындатып, тозақтан ұзақ етеді, - деп сұрады. Сонда Алланың елшісі (с.ғ.с.):

– Аллаға құлшылық ет! Оған серік қоспа, намаз оқып, зекет бер және тума-туыстармен қарым-қатынаста бол! - деп бұйырды.

Ибн Мәжәнің риуаятында келтірілген хадисте пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күні Аббастың үйіне келді де, туыстарын жинап шапанын жауып тұрып: «Ей, Раббым, бұлар менің туыстарым, мен бұларды жапқан сияқты, Сен де туыстарымды тозақ отынан құтқар» деп дұға етті» дейді. Сонда үйдің бұрышынан төрт-бес адамның «Әмин» деген дауыстары естілді. Оның ішінде Аббас ұлдары Файз Абдулла, Убайдулла, Хусам, Мағбад, Абдурахман, Саид, Умму Хабиба бар болатын.

– Өзіңізге белгілі, еліміздегі жамағаттардың арасында тілеуестік түгілі бөлшектенуге бейім тұратын неосәләфилік ағым мүшелері бар екендігі жасырын емес. Бұл мұсылмандыққа шет емес пе, қалай түсіндірер едіңіз?

– Бұл енді саясиленген мәселе деуге де болатын шығар. Себебі, бұл діни тартыс болса бір шешімін табатын уақыт болып еді. Елімізде дін мәселесін зерттеген ғалымдардан кемшін емеспіз. Ел тәуелсіздік алған жылдардан бері дін мәселесін зерделеген және жақсы түсіндіріп бере алатын ғалымдар жетерлік. Дұрыс айтасыз, «Бізден емес» деген желеумен, өзін мұсылман санаған кей жандар көз алдындағы мұсылман жығылып жатса, демеп жіберуге енжар тартып тұрады. Оны күнделікті көзіміз көріп жүр. Бірақ әңгіменің басында тілге тиек еткеніміздей, мұсылманның мұсылмандығы өзіне тілегенді өзгеге де тілеуі, өзіне жат дүниеден өзгені сақтандыруы және осы сияқты ерек мінездермен өлшенсе керек.

– Сонда билік дәрменсіздік танытып отыр ма?

– Олай деп бәріміз жауапкершіліктен жалтарсақ, азаматтығымызға сын болар. Ел болып іске енді кірскен секілдіміз. Жақында құрылған Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінен халықтың күтері мол. Оң шешімін табуын күтіп отырған кей мәселелер енді бір жүйеге қойылатын шығар деген үміттеміз.

– Дін саласында көп жыл қызмет етіп келе жатқан имамдардың бірісіз. Көпшіліктің бел ортасында жүрсіз, бүгінгі адамдар арасындағы тілеуестік әрекетін қалай таразылап, қалай бағамдар едіңіз?

– Мұндай сақ сауалға ат үсті гипотеза айта сауға болмас. Қоғамдық мәселелерді зерттеп жүрген әлеуметтанушылар арнайы сауалнама жүргізіп, зерттеп, таразылап түйінді сөзін айтқаны дұрыс шығар. Жоғарыда айттық қой, тілеуестік деген бұл – тілде де, дінде де болатын құбылыс деп. Сондықтан сырттай тон пішіп біздің халық міне, осындай «тілеуқор» немесе «тілеуқор емес» деп кесіп айта алмаймыз. Әлі де болса бұл мінезден халық арыла қойған жоқ деп айта аламын. Ел болған соң ала-құламыз жоқ емес. Оларға Алладан иман-тауыпқы тілейміз. Ерулік, асар сияқты дәстүрлерді күні бүгінге дейін жеткізген халықтың бойында қанмен жеткен тілеуестік сезімі жуық арада жоғалып кететініне орта буын ретінде көңіл де көз де сенбейді.

– Сіздіңше бүгінгідей нарықтық қоғамда тілеуқор мұсылманның титулы мен тұлғасы қандай болмақ?

– Титулын Алла өзі береді, бұл дүниеде абыройын асақтатып, о дүние жақсылығымен жарықар... Бұл дүниеге сай айтсақ, тұлғасы – тақуалық. Яғни, кемел рухты, ішкі мәдениеті жоғары адам дер едім.

– Мешіттерде тілеуестікке қаншалықты мән берілен?

– Мұсылмандарға қолдау көрсету – мешіттерде бекем қалыптасқан үрдіс. Мешіттерден басқа бір жерде мұндай үрдіс мықты деңгейде дегенге өз басым сенбеймін. Шіркеулер мен храмдарда қандай екенін білмеймін. Бізде, еліміздегі әр мешіт жұма күні жұма құтпасы оқылғанша жамағаттардың қиын жағдайға ұшыраған, не ауыр науқастағы адамдарға арналған өтініш-тілектері бойынша жария дұға оқылады. Іштей тілекші болып отырған адам қанша, оны Алла біледі. Ол да жақсы үрдіс. Бұл да – мұсылмандықтың, адамгершіліктің бір белгісі. Мұсылмандардың мерекесі болсын, ұлттық мерекелеріміз болсын, барлық атаулы күндерді өзіміздің ұлттық дәстүрімізге сай өткізіп келеміз. Мұндай мейрамдар, түрлі басқосулар адамдардан, ортадан алыстап қалған кейбір бауырларымызға оң әсерін береді. Адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынасты нығайта түсетін факторлардың бірі. Сондықтан мешіттерде бұл шаралардың жалғастығы жақсы деңгейде қалыптасқан деп айтуға да болатын шығар.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен  
Шарапат БОЖБАНБАЕВА




# «БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ӘЙЕЛ АЗАМАТШАЛАР ДІНИ САУАТТЫ БОЛУЫ КЕРЕК»

«Е-ислам» ақпараттық-ағартушылық порталы еліміздегі белгілі мешіт ұстаздары мен шәкірттерінен «Әйел азаматшалардың діни білім алуына қаншалықты жағдай жасалған?» деген сұрақ төңірегінде сауалнама жүргізген болатын. Жауап төмендегідей болды.

## Динара НҮРҒАЛIEВА, «Нұр-Астана» мешітінің ұстазы, филолог:

– Бүгінгі күні барлық азаматтың діни сауатты болуы – заман талабы болып отыр. Соның ішінде ұрпақ тәрбиесінде жетекші орынға ие әйел азаматшалардың білімін діни тұрғыда жетілдіруі керек. Себебі ашық қоғам тудырған кей мәселелер адамзатқа осындай үлкен мүмкіндіктер жүктейді. Әйел адам өзі діни сауатты болса, ұрпағына өзінде барын сіңіреді. Ол ұрпақ рухани ілімді сырттан іздемейтін болады. Осы тұста әрине, «әйелдерге діни білім алу үшін Қазақстанда қандай жағдай жасалған?» деген сұрақтың туындауы заңды. Бала тәрбиесіндегі, қарапайым азаматшаларға білімді қай уақытта, қай қала, қай аймақтан алам десе де мүмкіндіктер бар. Қазақстанның түкпір түкпірінде, барлық жерлерінде мешіт, медресе, сауат ашу курстары ашылған. Елордамыз Астанада ҚМДБ-ның жанынан әйел-қыздар секторы ашылып, жан-жақтағы өңірлердегі мешіттермен тығыз байланыста жоспарлы жұмыстар жасалуда. Мешіттердегі дәрістер дін мен дәстүрді сабақтастығы ескеріле отырып жүргізіледі. Соның ішінде құран кәрім, тәжуид, араб тілі, фикһ, ақида және ғибадат сабақтарынан толыққанды дәріс алуға мүмкіндік бар. Ал арнайы медресе, ЖОО оқып, ілімін кеңейтемін деушілер үшін де толық жағдай жасалғандығын Қазақстанның барша азаматтары білді деп ойлаймын.



Тағы бір айта кетерлігі, кей азаматтарымыз шетелге барып, білім алуды жөн көреді. Бөтен елдің мәдениет, салт-дәстүрін ислам деп түсініп жүргендер бар. Сондай-ақ, олардың ресми орындардан ілім алып жатқанына кім кепіл? Араб қаріптерін үйреніп, Құранды оқу – ислами толық сауаттылықты қамтамасыз ете алмайды. Құранның мағынасына жеткісі келетін жастар да бар, талпыныстары дұрыс. Бірақ Құран тәпсірлерінің өзі қаншама? Оның дұрыс-бұрысы қанша? Осындай діннің нәзік тұстарын толық айыра алмай тұрып, шетелге өз еркімен барып оқу – қателік. Халықаралық деңгейде білім аламын десе, мемлекетте де жағдай бар. Мемлекет меморандуммен бекіткен келісім-шарт негізінде шетелдік университеттерге өзі жіберуде. Олай болса, өз еркімен шетелден білім іздеуге себеп те жоқ. Жақында өз еркімен шетелден діни білім алған жандардың дипломы Қазақстан аумағында жарамайтыны туралы шешімдер қабылданғаны белгілі. Осының бәрі бекер емес. «Неліктен?» деген сұраққа жауап іздеген азаматтарымыз осынау шешімдердің артында үлкен мәселелердің жатқанын түсінер еді.

## Ақбөпе ҚАНАТҚЫЗЫ, ҚМДБ «Әйелдер-қыздар» секторының меңгерушісі, исламтанушы:

– Мен көптеген жылдар бойы осы діни оқу-ағарту саласында жүрген соң Қазақстанда әйелдердің діни білім алуына толықтай жағдай жасалған деп айта аламын.

Негізі әйелдердің діни білім алуы өте өзекті мәселе. Қазіргі уақыттағы орын алып жатқан қан келеңсіз жәйттар, атап айтсақ, қыздарымызбен, келіншектердің, тіпті егде әйелдердің өзі деструктивті діни ағымдардың жетегінде кетуінің негізгі себебі білімсіздіктен, діни сауатсыздықтан.

Қазақстанда 1998 жылдан бастап Шымкент қаласында Халықаралық Қазақ-Араб университеті білікті де білімді исламтанушыларды даярлады.

Осымен қатар Түркістан қаласындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, 2004 жылдан бастап «әл-Фараби» атындағы Қазақ ұлттық университеті және Қазақстан мен Мысыр елінің ұйытқы болуымен ашылған Алматыдағы «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті исламтанушы және дінтанушыларды даярлап келеді.

Айта кету керек, 2007 жылдан бастап ҚМДБ-ға қарасты «Шымкент» медресесінде, 2013 жылдан бері «Сарыағаш» медресесінде және Алматы облысындағы «Үш коңыр» медресесінде исламтанушы қыздар білім алып, бүгінгі күнде еліміздің дін саласында: мешіт-медреселерде ұстаз болып қызмет етуде. Бала босанып, үйде отырғанының өзі балашағасын дәстүрлі дінмізбен тәрбиелеуде.

Осы күнге дейін Қазақстанда қанша қыз бала исламтанушы мамандығын иеленді дегенге келсек нақты бір мәлімет жоқ. Біз оны қазір анықтау үстіндеміз. Қазіргі таңда ҚМДБ-сы мешіттер мен медреселерде ұстаздық етіп жүрген әйелдердің орталық базасын жасауда.



Жоғарыдағы «Нұр-Мұбарак» университетінде бакалаврмен қоса магистратура, докторантура да ашылған.

Іргелі оқу орны «Л.Н. Гумилев» атындағы Еуразия ұлттық университетінде де дінтану бойынша бакалавр мен магистратура бар.

Әрине, мұнымен бірге еліміздің барлық мешіттерінің жанынан әйелдерге арналған діни сауат ашу курстары ақысыз жұмыс істейді. Бір ғана «Әзірет Сұлтан» мешітінде жылына 300-дей әйел діни сауатын ашуда.

Тағы бір айта кетерлігі ҚМДБ-ға қарасты барлық медреселерде оқып-білім алу, үш мезгіл тамақ, оқу базасы, кітапхана және спорт комплексін пайдалану ақысыз. Діни білім алу үшін бұдан артық не керек?! Осындай мүмкіншілікті пайдалана білуіміз керек. Сол үшін қазіргі таңда шетелден діни білім іздеудің еш қажеті жоқ. Дегенмен, ҚМДБ еліміздегі осы оқу орындарын үздік бітірген түлектерді келесім-шарт арқылы Мысырдың атақты «әл-Әзһар» университеті мен Түркияның «Хасеки» ислам академиясында білім алуын қамтамасыз етуде. Бұл еліміздің жастарға жасап отырған үлкен қамқорлығы деп білуіміз керек.

Жақында ғана ҚМДБ жанынан ашылған «Әйелдер-қыздар» секторы да Қазақстандағы әйелдердің дәстүрлі діни білім алуын, діни білімді жетілдіруді, дін мен дәстүрді жаңғыртуды, деструктивті діни ағымдардың алдын алуды, діни тұрақтылық пен дінаралық татулықты жаңғыртуды қолға алуда. Қазақстанның барлық облыстарында сектордың өкілдері сайланды. Сол өкілдер арқылы жоғарыдағы мәселелерді оңтайлы шешуді мақсат етіп отырмыз.

## Қарлығаш ҚАЗЫМӘЛІК, Павлодар қаласындағы «Мәшһүр-Жүсіп» мешітінің ұстазы:

– Елімізде, жерімізде әйел адамдарға діни білім алуға жағдайлар жасалған. ҚМДБ бұйрығымен, осы мекеме бекіткен бағдарламалармен оқыту жүйелері жолға қойылған. Мешіттердегі сауат ашу курстарынан бастап, ЖОО-на дейін әйелдер толыққанды білім ала алады. Мешіт жанындағы курстардан кез-келген жастағы азаматтар білім ала алады. Тіпті бүлдіршін қыздарымыздың өзіне арналған жазғы сауат ашу курстары бар. Діни сауат ашу курстары тоғыз айға негізделген. Сол мерзімнің



ішінде азаматша өзіне қажетті барлық ақпаратпен және біліммен тегін қамтамасыз етіледі.

Ал енді «бұл тоғыз айлық біліммен шектелмеймін, діни білімді тереңдете түсемін» деген қыздар болса, мемлекеттік лицензиясы бар Алматы облысына қарасты Үштөбедегі, ОҚО-дағы Сарыағаштағы медреселерге тоғызыншы, не он бірінші сыныптары бітіргеннен кейін барып оқуларына мүмкіндік бар. Халықаралық деңгейде білім беретін университеттер бар елімізде. Әсіресе қыз балаларға шетелге сабылып діни білім іздеуге еш негіз жоқ.

## Гүлжайнар КЕРЕЙEВА, «Нұр-Астана» мешітінің шәкірті:

– Ата дініміз – исламды меңгеріп, араб тілін үйренуге елімізде бар жағдай жасалған. Өзім де Астанадағы орталық мешіттен білім алып жүрмін. Құранды толық меңгеруді мақсат етіп келдім. Хафиза болу – басты арманым. Өз өмірімде болған бір жайтты айта кеткім келеді.



Мен мешітке келгенге дейін ілімді интернеттен іздедім, рухани сауатымды белгісіз көздерден, кейбір жасырын жамағаттардан аштым. Бірақ, сол кездерде менің көкейімде жүздеген сауал сайрап тұратын. Бір сұрақтың жауабы, бір сұраққа алып келіп, шиеленіскен ойларды шеше алмай шаршайтынмын. Мұндайда адам адасуға көп бейім болады екен. Ал, мешіт

табалдырығын аттаған бес-алты айдың ішінде көп күдікті сұрақтарымының шешімін тауып, рухани білім алу дегеннің не екенін ұққандай болдым. Жүйелі білім, жоспарлы білім дегендердің нәтижесі де зор болады екен. Оның үстіне өз түбіннен тамыр алып, қазақ жеріне сіңісті болған шариғи ілім, яғни, дәстүрге негізделген

исламның тереңіне бойлаған сайын өзімді тапқандай күйдемін. Мен өз замандастарымды білемін. Олардың көбі менің бастапқы күйімде жүр. Бір қиыны сол екіұдай сезімнен өз еріктерімен арылғысы келмейді. Ондай таныстарыма өзінің рухани ләззатынды мешіттен табасындар дегім келеді.

Мешітте тек діни білім ғана емес, қоғамдық жұмыстарға, қайырымдылық шараларына араласамыз, діни мерекелерде бас қосамыз. Бір сөзбен айтқанда рухани ортамызды осы жерден қалыптастырдық. Діни білімнің алғашқы сатысында жүрген мен үшін, бұл қадамым құтты болды деп айта аламын. Қазақстанда мұсылман әйелдердің кемел білім алуына жағдайлар жасалған. Менімен бірге сабақ алып жүрген әйелдердің барлығы да бала тәрбиесінде, кейбірінің жұмысы бар, осыған қарамай, өзіне ыңғайлы уақытта ұстаздардан сабақ ала алуы, тек діни білім емес, ғасырлармен екшелген озық дәстүрлерді жандандыруға өте құмбыл болуы мені қуантады. Дүниелік мәселелер мен ақыреттік мәселелерді қатар алып жүруді біз осы ұстаздардан үйреніп жүрміз.

## P.S.

Жоғарыдағы жауаптардан байқағанымыз еліміздегі қыз-келіншектерге діни білім алу үшін шет ел асудың еш қажеті жоқ. Мешіттегі сауат ашу курстары мен діни оқу орындары арқылы да білім толықтыруға мүмкіндік бар. Қазір ағымдар көбейіп тұрған заманда діни білім алу үшін немесе діни білімін толықтыру үшін еліміздегі мешіт қызметкерлерімен ақылдасқан артықтық етпес еді.

Сауалнаманы жүргізген Шарпап БОЖБАНБАEBA





## ЛАҢКЕСТЕР 30 МЫҢ АДАМДЫ ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ БОПСАЛАҒАН

ДАИШ террористік ұйымы өз қатарларын әлеуметтік желілер арқылы кемінде 30 мың шетел азаматтарымен толтырған.

Бұл жайында Испанияның қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік хатшысы Франсиско Мартинес мәлімдеді. «Әлеуметтік желілердің көмегімен ДАИШ ұйымы 30 мың адамды өздеріне тартқан, олар Сирия мен Ирактағы соғысқа қатысты» деді ол.

Мемлекеттік хатшының мәлімдеуінше, соңғы уақытта ДАИШ ұйымы өз насихаттарын белсенді жүргізе бастаған. Мәселен, Испаниядағы лаңкестікке қатысты қылмыстардың басым бөлігін интернет арқылы санасы уланған адамдар жасайды. Ф.Мартинес лаңкестік ұйымның интернеттегі ең белсенді насихаты 2015 жылы орын алғанын атап өтті.



## ТҮРКИЯ ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ БІРЫҢҒАЙ БАҚ ҚҰРУДЫ ҰСЫНДЫ

Еуразия ислам кеңесіне мүше елдер антиэкстремистік насихат жүргізу мақсатында бірыңғай ақпарат құралын құруы керек. Осындай ресурстың қажеттілігі туралы Түркияда өткен кеңес мүшелері резолюциясында баяндалды.

«Қазіргі уақытта діни ұйымдарға тексеріс жүргізіп, дұрыс діни түсінікті дамыту өте маңызды міндет. Түркия Дін істері басқармасы Еуразия ислам кеңесіне мүше елдерге ортақ ақпараттық алаң құруды дұрыс санайды» делінген құжатта.

Резолюцияда экстремистік ұйымдарға адам бопсалаушылар жастардың жаңа технологияларға деген қызығушылықтарын пайдаланып, зиянды ақпараттарымен арбайтыны атап көрсетілген. Осыған байланысты Еуразиялық ислам кеңесі «классикалық діни еңбектер мен дүниелерді» қайта қарап, дұрыс діни мәліметтерді мұсылман жастарына жеткізудің жаңа әдіс-тәсілдерін табуы ұсынады.

## ТҮРКИЯ МИГРАЦИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫСҚА ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСУДА

Түркия әлемдік тарихта гуманитарлық дағдарысқа алып келген миграция мәселесін реттеуге барлық мүмкіндіктерін іске қосуда.

Қазіргі уақытта республика территориясында миллиондаған сириялық босқынға арналған лагерь жұмыс істейді. Анкара Еуроодақ пен Түркия арасындағы 2016 жылдың 18 наурызда жасалған келісімге сәйкес, өз міндеттерін атқарып келеді. Осының нәтижесінде босқындардың Эгей теңізі арқылы кесіп өтіп мерт болу уақиғалары да айтарлықтай қысқарған.

2016 жылдың наурыз-қыркүйек айларында босқындардың Эгей теңізі арқылы кесіп өтіп, қаза болуына қатысты 9 уақиға тіркелген. Бұл өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 93 пайызға төмен.



Аталмыш келісім іске асырыла бастаған уақыттан бері босқындардың Еуропа елдеріне ағылу процесі 90 пайызға қысқарған.

## ҚҰРАН МЕН ІНЖІЛДЕН 50 ЖЫЛ САБАҚ БЕРГЕН

Египет республикасы Минья өлдімекенінде Аяд есімді мұғалім бірнеше буын шәкірттеріне қасиетті қос кітап – Құран мен Інжіл бойынша тағаттылық пен төзімділік сабақтарынан білім беріп келген.

Оның сыныбында шамамен 120 оқушы тәлім алады, оның 70-80-і мұсылман отбасынан, 30-40-ы – христиандар отбасынан. «Біз мектепте бір-бірімізбен үлкен сыйластық байланыс құрамыз. Алайда, маған өшпенділікке тәрбиелейтін сабақ беріп 100 доллар алғаннан, мейірімділікке шақыратын дәріс үйретіп бір доллар алғаным артығырақ. Мені мектеп оқушыларының, ата-аналар мен педагогтердің қолдау білдіргені қатты қуантады. Оның үстінде бұл ата-аналар да бір кездері менің оқушыларым болған еді. Олар өте саналы азамат болып өсті» дейді ұлағатты ұстаз.

Аядтың айтуынша, өзге дін өкілдеріне түсіністік танытпау, өшпенділік сезімі – күтпеген кекшілдікті тудырады. «Біз ешқашан жауласқан жоқ едік, бір-бірімізге өш болмадық. Мұсылман, христиандар деп бөлмедік. Біз барлығымыз біргеміз, айырмалар жоқ» дейді ол.



## ЭКС-СОДЫРЛАР СИРИЯ ӘСКЕРІНЕ ӨТТІ

ДАИШ лаңкестік ұйымы қатарында болған содырлар Сирия әскеріне өтіп, үкіметтік қарулы күштерге қызмет етуде. Бұл жайында Сирия араб республикасының бас мүфтиі Ахмад Бадр әд-Дин Хассун мәлімдеді.

«Біз адамдарды зорлық-зомбылық пен қатыгездіктен, қарулы қақтығыстардан бас тартуға шақыруды жалғастырамыз. Барлық қажетті қолдауды жасауға әзірміз. Іс нәтижесіз емес. Бұрын лаңкестік ұйымда болған азаматтар бейбіт өмірге қайта оралып жатыр. Сондай-ақ, үкіметтік әскер тарапына өтіп, қызмет етуде» деді мүфти.

Мүфти сонымен қатар, өз кезінде халықты ДАИШ ұйымына шақырып уағыздаған имамдары да тәубеге түссе дін қызметіне қайта қабылдауға әзір екендігін жеткізді. «Қазір кезінде елді радикалды бағытқа шақырып, кейін шекара асып қашып кеткен кей дін қызметкерлері бізге хабарласып, кешірім жасауды өтінуде. Біз кешіруге де келісеміз. Тек бір ғана шарт бар, ендігі уақытта олар тек Сирия мемлекетіне адал қызмет етуге адал ант берсін» деді мүфти.

Еске сала кетейік, Сирия соғысы басталған уақыттан бері республика президенті Башар Асад рақымшылық заңын үш рет жариялаған болатын.



## ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ДІНИ РӘСІМ АТҚАРУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Әзірбайжан елінде азаматтығы жоқ дін уағызшыларына ислами рәсімдерді атқаруға тыйым салынады.

Бұл ережені бұзушыларға үлкен көлемде айыппұл салынады немесе бір жылға бас бостандығынан айыру жазасы күтіп тұр. Тиісті өзгерістер мен толықтырулар Әзірбайжан Қылмыстық кодексіне енгізіледі.

Уағыз-насихат мәселесі ел парламентінің құқықтық саясат, мемлекеттік құрылыс, қоғамдық бірлестіктер мен діни құрылымдар бойынша комитет отырысында талқыланды. Еске сала кетсек, қазіргі уақытта Әзірбайжан республикасында шетелде діни білім алған имамдарға ғана ислами рәсімдерді атқаруға тыйым салынған.

Айта кету керек, Қылмыстық кодекске енгізілетін



өзгерістер аса ірі көлемде айыппұл тағайындау және бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасына кесу мәселелері де қарастырылмақ.





# САУАЛ СІЗДЕН – ЖАУАП БІЗДЕН

## «ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМ» ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Бүгінде «Дәстүрлі ислам», «Дәстүрлі ислам құндылықтары» деген сөзді көп естимін. Осы көп айтылатын «Дәстүрлі ислам» ұғымы туралы тоқтала кетсеңіз?

Қазақ жеріне ислам дінінің келгеніне, қанат жайғанына он екі ғасырдан астам уақыт өткенін тарихтан білеміз. Осынша уақыт бойы мәдениетімізбен, салт-дәстүрімізбен және ұлттық менталитетімізбен біте қайнасқан ислам бүгінде дәстүрлі дінімізге айналғаны рас. Сондықтан қазақ халқының исламды ұстану жолы біреу, ол – ислам діні. Оның негіздері өзгермейді, бұлтармайды, бұлғармайды. Яғни, реформаланбайды. Ал, адам ағзаларын ауыстыру, донорлық, пластикалық ота жасату, несие карталарын қолдану сияқты т.б. кейбір мәселелер заманның талабына сай пәтуалана береді.

Неге дәстүрлі деп атаймыз? Өйткені, бабаларымыз исламды географиясына, салт-дәстүріне, менталитетіне сай келетінін түсінді. Діннің қағидалары, яғни шариғат жақсы істерге әр кез рұқсат етеді ғой, тек құраннан, хадистен тыйым салынбаса болғаны. Әйтпесе, харам, мәкрух болып кетеді. Сондықтан, ислам – кез келген халықтың әдет-ғұрпына қысым жасамайтын, барлық уақытқа, кезеңге арналған сондай ауқымы кең дін. Жаңа айтқанымдай, белгілі әдеп-ғұрпы шариғат негіздеріне қайшы келмесе, оны қолдануға дін рұқсат береді. Мысалы, қазақ халқында жеті атаға жетпей қыз беріп, қыз алмау дәстүрі бар. Тектілікті осылай сақтау исламға дейін болған дәстүр. Ал мұны асыл дініміз де қолдады. Неге? Өйткені, қанның араласпауын сақтаған жөн, қан жақындығынан болатын аурулардың алдын алған дұрыс. Бұл турасында пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) «Қалыңдығың алыстан болса, әсілі, туыстық болмаса (қанның сақталуына жақсы) қайырлы» дейді. Демек, жеті атаға дейін қыз беріп, қыз алмау исламға қайшы келмейді. Міне, дәстүрлі дін дегеніміз – халықтың салт-дәстүрімен сабақтасқан исламның таза формасы. Сол сияқты жеті шелпек жасап садақа ретінде тарату, үлкенді құрмет қылып төрге шығару, келіннің құрмет ретінде ата-енесіне иіліп сәлем салуы ислам қағидаларына қайшы келмейді.



Сауалға жауап берген исламтанушы Ершат ОҢАРОВ

## ЗЕКЕТ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Маған зекет бер» деген адамға былай жауап берген: «*Ұлы Алла зекеттің берілетін орындары жайында пайғамбарының да, басқаның да үкіміне разы болмай, өзі берді. Оны сегіз топқа бөлді. Егер сол сегіз топтың ішінде болсаң, саған есеңді беремін*».

Бұл Құран Кәрімде былай баяндайды: «*Шын мәнінде садақалар (зекеттер), кедей-кепшіктерге, түгі жоқ міскіндерге, зекетті жинауға тағайындалған адамдарға, көңілдері жібітілуі мақсат етілгендерге (жаңа мұсылмандарға), құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға, Алла жолына және қиналған жолашушыларға берілуі Алла тарапынан парыз етілді*», («Тәубе» сүресі, 60.).

Аятта айтылған сегіз топ:

1. Пақырлар. Пақыр деп нисап мөлшеріне жететін байлығы жоқ адамдар саналады.
2. Міскіндер. Міскін – еш нәрсесі жоқ адам. Мұндай адамның жағдайы кедейдің жағдайынан да төмен. Алла Тағала («... немесе шаң топырақтағы сорлы») деп айтқан. Бұл жерде ол аса жоқтықтан «жер бауырлайтын» және адамдардан өзіне тамақ пен киім сұрап қайыр тілейтіндерді айтып отыр.
3. Зекет жинауға тағайындалған

арнайы адамдар. Зекеттердің жиналуы, сақталуы, есептеліп, лайық адамдарға таратылып, тапсырылуы сияқты жұмыстар үшін мемлекет тарапынан тағайындалған адамдар. Бұларға зекеттің белгілі бөлігі еңбектерінің қарымына айлық ретінде берілгендіктен, тағайындалған адамдардың бай болулары белгілеген мөлшерін алуларына бөгет емес.

4. Муәллафатул-қулууб. ислам дінін жаңадан қабылдаған иманы әлсіз адамдардың, тіпті әлі исламды қабылдамаған кейбір адамдардың көңілін жібіту үшін пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кедей болсын, ауқатты болсын, оларға зекеттен белгілі есе беріп отырған. Бірақ Хазіреті Омар дәуірінде бұл топқа берілетін зекет тоқтатылған. Тоқтатылуының басты себебі, ислам дінін Алла дүниеге қанат жайып қуаттанғаннан кейін бұлардың көңілін исламға жібітіп, жаманшылықтарынан сақтанудың қажеті болмай қалуында еді. Бірақ кейбір ғалымдардың пәтуасына сүйенсек, қажет болған жағдайда, қайтадан бұл топқа беруге болады.

5. Құлдар. Қожайынынан азат болу үшін белгілі ақшаға келіскен құлдарға зекет беріледі. Міне, бұл ислам дінінің құлдарды азат ету жолында жұмсаған еңбектерінің бір көрінісі. Ескерту: қазіргі қоғамда құлдардың жоқ болуы себепті ғалымдар алтыншы

тармаққа қосуға болады деген.

6. Қарызға батқандар. Қарызынан тыс нисап мөлшеріндегі малға ие болмаған немесе басқа біреуде қарызы болып, бірақ қайтарып алу мүмкін болмағандар «қарызы бар адамдардың» тобына жатады. Пақырға зекет бергеннен гөрі қарызынан қиыншылық көріп жүрген адамдарға зекет беру абзал. Өйткені, қарызынан құтылу – қарызы бар үшін басты міндет.

7. Алла жолындағылар. Бұл топқа Алла ризалығы үшін ілім іздеушілер (медреселер мен діни оқу орындарының түлектері), жастарымызды имандылық, адалдық, адамгершілік, әділдік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелеу үшін, жалпы қоғамға пайдасы бар қайырлы істер үшін бар күштерін салып еңбек етушілер кіреді.

8. Қаржылары бітіп, жолда қалғандар. Бұларға негізгі тұрғылықты жерлерінде ақшалары барлар жатады, яғни бай болса да, оларға зекет беріледі (қажылар, ілім ізденушілер, т.б.).



Сауалға жауап берген дінтанушы, Мұхан ИСАХАН

## ДІНДЕ ЖЕҢІЛДЕТУ БАР ДЕГЕНДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕМІЗ?

Діннің негізін жеңілдік, қолайлылық құрайды. Алла Тағала «Хаж» сүресінің 78-ші аятында бұл мәселеге қатысты: «*Алла Тағала дінді сендер үшін ауырлатпады*» деп бұйырады.

Ақиқат дін адамды бір әлекке салмайды. Негізінде жеңілдік рақымдылықтан туындайды. Түп негізгі мағынасы – мейірімділік.

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) бір сөзінде адамдарды мейірімділікке үндеп: «*Алла Тағала пенделерінің ішінде рақымды болғандарына рақым етеді*» десе, екінші бір сөзінде: «*Ар-Рахман (Алла Тағаланың «рақымды болушы» сипаты) басқаларға рақымды болған пенделерін өзінің рақымына бөлейді. Жердегілерге рақым етсеңдер, Алла Тағала сендерге рақым етеді*» деген. («Сунәну Әби Дауд»).



Сауалға жауап берген теология ғылымының докторы Балғабек МЫРЗАЕВ

## АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ СИПАТТАРЫН АДАМДАРҒА ҚОЮҒА БОЛАДЫ МА?

Менің баламның аты Ғани. Өткенде бір достарым: «Ол – Алланың аты. Алланың атын адамдарға қоюға болмайды. Балаңның атын міндетті түрде өзгертуің қажет» деп еді. Сол дұрыс па?

Адамның аты өмірінде маңызды рөл ойнайтын болғандықтан кез келген халықта ат қоюға ерекше мін беріледі. Сол секілді өзінің еркешелігіне орай Ислам дінінде де кейбір құпталмайтын есімдер бар екені белгілі. Солардың қатарына Алла Тағаланың жаратушылығын білдіретін, бір өзіне ғана тиесілі арнайы есімдерді қоюға тыйым салынған. Мәселен, Алла, Рахман, Қуддус, Раббул-аламин, Маликуль-мульк, Рабб, Халик, Раззақ т.б. секілді.

Әрине бұл есімдердің алдына міндетті түрде «абд», яғни құл деген сөзді қосып атау керек. Ал Алла Тағаланың одан өзге кейбір сипаттарын адамдарға бере беруге болады. Ол сипаттар Алла Тағалаға қатысты қолданылғанда шексіздікті білдірсе, адамға қатысты сипат ретінде қолданылғанда шектеулі мағынаны береді.

Ал енді сіздің сұрағыңыздағы «Ғани» атауына келсек, ол араб тілінде бай, ешкімге мұқтаж емес деген секілді мағыналарды білдіреді. Сондықтан араб тілінде бай адамдарға қатысты бұл сипат қолданыла беретіндіктен, балаңыздың атын өзгертуің қажеті жоқ. Сонымен қатар, Алла Тағалаға тән сипаттарды адамға қояр кезде алдына «абд», яғни «құл» деген мағынаны білдіретін сөзді қосып атасаңыз бұл өте құптарлық, әдепке сай іс болмақ.



Сауалға жауап берген теология ғылымының докторы Алау ӘДІЛБАЕВ



## Махаббат, достық, бауырмалдық – адамның ең бір асыл қасиеттері

(Ғабит МҮСИРЕПОВ).

# АЛЛАНЫҢ МАХАББАТЫ УӘЖІП БОЛҒАН ПЕНДЕ

Әбу Идрис әл-Ихуани есімді Алланың тауа құлдарының бірі мынадай оқиғаны баяндайды:

«Мен Дамаскте Кудус мешітіне кірдім. Онда күлімсіреген бір жігіт отырды. Адамдардың барлығы соның қасына жиналыпты. Егер олар өзара бір нәрсеге келіспей қалса, онда әлгі жігіттің сөздеріне сүйеніп, соның пікірімен келісіп, амал етіп отырды.

Мен олардың қасына барып, әлгі жігіттің кім екенін сұрадым. Олар:

– Бұл, Мұғаз ибн Жәбал (р.а.).

Таң атқан соң мен қайтадан жылдам мешітке бардым. Сөйтсем, Мұғаз ибн Жәбал менен бұрын келіп, намаз оқып тұр екен. Оның намаз оқып болғанын күттім кейін, алдына келіп:

– Аллаға қасам етейін! Мен сені жақсы көремін – деп айттым.

Ол менен:

– Алла үшін жақсы көресің бе? деп сұрады. Мен:

– Алла үшін жақсы көремін, дедім. Ол шапанының етегін ашып, мені өзіне тартты да:

– Олай болса саған қуанышты хабарым бар! Алла елшісінің (с.ғ.с) мынадай хадисын естіген едім: **«Алла Тағала: «Мен үшін бірін-бірі жақсы көргендерге, бірге мәжіліс қылғандарға және Мен үшін бір-біріне демеу көрсеткендерге Өзімнің махаббатымды уәжіп қылдым».**

**Әңгімеден шығатын пайдалы сабақтар**

Адам өзінің жақсы досын, білетін байсалды жолдасын көрген кезде, оған оның Алла үшін жақсы көретінін, оны сыйлағынын айтқаны дұрыс. Алла үшін жақсы көру дегеніміз, белгілі бір нәрсені Алланың разылығына бөлену үшін ұнату. Әдетте, Алла үшін жақсы көру Алланың көрсеткен жолын ұстанған адам үшін болмақ. Ал енді Алла үшін жақсы көрудің өлшемі – иман. Алла үшін жақсы көру бұл дүниеде жетістікке жетелесе, ақыретте Алланың ризалығына алып келеді. Бұған пайғамбардың мына хадисі куә: **«(Рух) бір-бірін таныса дос болады, егер (ол екеуі) бір-бірін әсек көрсе, қарсыласады»** (Мүслим).

Адамдар арасында сыйлайсыңқ пен сүйіспеншілік, бауырластық орнатудың бірден бір жолы – Алла үшін жақсы көру. Әбу Идрис мешітке отырған Мұғаз ибн Жәбалді ғалым, білімді болған үшін сыйлап, оған оның құрметтілігін айтты. Себебі ол басқаларға тәлім беріп, олардың білмегендерін үйретіп отырды.

Алланың елшісі (с.ғ.с.): **«Ей, Алла! Маған Өз махаббатыңды, Сені сүйген пенделеріңнің махаббатың, Сенің махаббатыңа жақындататын амалды жақсы көруімді нәсіп ет! Махаббатыңды маған салқын судан да жақсы көрсет!»** деп дұға қылатын (Термизи).

Расында да жоғарыда айтқанымыздай Исламның мақсаттарының бірі адамдар арасындағы жүректерді біріктіру, олардың арасында мейірім мен қайырымдылық байланысын орнату. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.):

**«Бір-біріне деген махаббатта,**

**мейірімділік пен жанашырлықта мұсылмандар біртұтас тәнге ұқсайды: егер оның қандай да бір бөлігі ауырса тәнің қалған мүшелері де тынышсызданады»** деп айтқан (Бұһари, Мүслим).

**Екінші пайдалы сабақ: Ұстазыңды әкеңдей сыйла**

Бұл әңгіме бізге ғалым адамды, білім иесін, ұстазды қалай сыйлау керектігін үйретеді. Әбу Асуад ғалым турасында былай деген екен:

«Ғылымнан асқан азиз нәрсе жоқ. Патшалар адамдарға билік жүргізсе, ғалымдар патшаларға билік қылады».

Құранда Алла Тағала білетін білім иелері мен қарапайым адам турасында былай де-

айтып, адамдарды жақсылыққа шақырып, бұзық істерден қайтаруы тиіс. Білім берсем, білімім тауысылып қалады деген ойдан арылған жөн. Себебі білімнен басқа күллі нәрсе азаяды. Білім керісінше, басқаларға үйреткен сайын, арта түседі.

Пайғамбар (с.ғ.с.) өзінің хадисінде: «Алла Тағаланың бұл дүниеде білім ошақтарын іздейтін періштелері бар. Ол періштелер білім үйреніп отырған ортаны көрсе, біріне-бірі: «Мына мекенге келіңдер! Сендердің іздегендерің осы жерде», – деп сол ортаны қоршап, (білім үйреніп жатқандармен бірге) отырады. Ал, (ғылыми мәжілістен) қайтып, періштелер Алланың құзырына барғанда,



ген: **«Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?»** (Зумар: 9).

Алла Тағала **«Білетіндер мен білмейтіндер бірдей бола ма?»** – деп сұрақ қою арқылы білімнің қадірін түсіндіріп, білімді мен білімсізді салыстыруға шақыруда. Демек, Алланың құзырында ден қойып, Алла ғалым басқалардан – артық.

Білімді адам жарық шам секілді, білімсіз, надан болса, қараңғы түн сияқты. Білімді адам ақыл-парасатымен, ой-қабілетімен бірнәрсені түсінуге тырысады. Ал, надан болса, басындағы ақылын, бойындағы қабілетін дұрыс қолдана алмайды. Сондықтан, білім иелері хактың жолы исламға ден қойып, Алла Тағаланы танып, имандылыққа бет бұрады. Алланың құдіретін мойындап, құлшылық-ғибадат жасайды. Білімсіздер надандықпен небір күпірлікке барып, күнә істерге бас ұрады.

**Үшінші пайдалы сабақ: Білгеніңді басқаға үйрету**

Алла кімге білім берсе, сол оны шама-сына қарай басқаларға үйретуге міндетті. Басқаларға білгенін үйретіп, уағыз-насихат

Алла Тағала оларға: «Сендер куә болындар Мен сол жерде (яғни, ғылыми мәжілісте) отырған баршаның күнәсін кештім», – дейді. Сонда бір періште: «О, жартқан Алла! Әлгі орында пәленше атты кісі болды, бірақ ол білім алу үшін емес, өзінің бір қажеті үшін келіп еді», – деді. Сонда Алла Тағала: «Сендер куәгер болындар. Мен оның да күнәсін кештім», – деді» деп айтқан.

Келесі хадисінде: «Олар (білім алушылар) сондай қауым олармен отырған адамдар ешқашан бақытсыз болмайды», – делінген. Демек, білім ошағында отыру, бақытты ортада болу деген сөз.

Хасан әл-Басри бұған қатысты былай деген: «Егер адамдар білімге бас ұрып, бірақ амал қылмаса және туыстық қатынасты қойып, тек сөз жүзінде дос болса, онда Алла оларға лағынет айтады. Оларды саңырау қылады, көздері көрмейтін болады».

Адам өзінің алған білімінің садақасын, зекетін беріп білімін тазартып тұруы керек. Зекет пен садақ тек ақша мен мал үшін ғана емес, білімге де тиесілі. Білімде басқалардың да ақысы бар. Сол білімнің садақасын

басқаларға беру арқылы адам өзінің білімін молайта алады.

**Төртінші пайдалы сабақ: Білім іздеу қажеттік**

Адам өзінің жас-шамасына қарап, білім үйренуден шектелмеуі керек. Жоғарыда Әбу Идрис әл-Ихуанидің:

«Мен Дамаскте Кудус мешітіне кірдім. Онда күлімсіреген бір жігіт отырды. Адамдардың барлығы соның қасында топталыпты. Егер олар өзара бір нәрсеге келіспей қалса, онда әлгі жігіттің сөздеріне сүйеніп және соның пікірімен әрекет қылып отырды», – деп айтуы, адамдардың ғалымды қоршап, білмеген нәрсесін сол жас ғалымнан сұрап, білім үйреніп отырғандарын көрсетеді.

**«Кімде-кім білім іздеу жолына түссе, онда Алла оған жәннатқа апарар жолды жеңілдетеді. Шынында, періштелер міндетті түрде білім ізденушіге разы болғанын білдіріп қанаттарын жаяды. Шын мәнінде, ғалым үшін міндетті түрде аспандағы әрі жердегі бүкіл нәрсе, тіпті судағы балыққа, Алладан оның күнәларының кешірілуін тілейді! Ал ғалымның қарапайым құлшылық етуінен артықшылығына келер болсақ, оның артықшылығы – аспандағы толық айдың басқа жұлдыздардан артықшылығындай. Шынында, ғалымдар пайғамбарлардың мұрагерлері, ал пайғамбарлар болса, өздерінен кейін динар да, дирхам да (мал-дүние) қалдырмаған. Олар тек білімді мұра етті. Кімде-кім бұл білімді алса, онда ұлы сыбағаға қол жеткізді»** (Термизи).

Бұл хадисте білімді үйренген ғалымдардың мәртебесі ашық баяндалғас. Білім-білім жолында жүргендердің Исламда қадір-қасиеті биіктей түседі. Өйткені, білім талабы үлкен дәреже. Тағы бір хадисінде Алланың елшісі (с.ғ.с.) былай дейді:

**«Кімде-кім мешітке жақсылық (білім) үйренуге немесе жақсылықты үйретуге келген болса, оған толық қажылық жасаған адамның сауабы жазылады»** (Табарани).

Пайғамбардың заманында білім беретін арнайы оқу-орындары, діни медреселер болмады. Сондықтан, халық білім алу үшін мешітке келді. Мешіт шағын медресе болатын. Сол себепті, көптеген хадистерде білім алу туралы айтылса, мешіт деп айтылады. Адамдар мешітке діни сауат алады, жақсы уағыздер естиді.

Білім алған, біліміне амал жасайтын ғалымға аспандағы періштелер де, жердегі адамзат пен жан-жануарлар да истиғфар айтатыны жоғарыда келген хадисте баяндалып тұр. «Истиғфар айту» Аллдан жарылқауын тілеп, дұға ету деген сөз. Ғалым адам оқыған білімімен халықты Алланың хақ жолына шақырғаны үшін Алла Тағала ол ғалымды жақсы көреді. Ел-жұрты да ондай ғалымды сыйлап, құрмет көрсетеді. Ал шәкірттері Алладан оның аман-саулығын сұрайды.

Ия, достық. Шынайы айтылған: «Алла үшін жақсы көремін» сөзінің қаншалықты мол пайдасы бар десеңші. Өрине, білген кісіге бұл әңгімеден алап пайда көп. Біз жай ғана соған бағыт беруге тырыстық. Бұл айтылғанды бойға сіңіріп, өмірде амал қылу сенің ықтиярыңда. Кім білер, күндердің күнінде Алланың махаббаты саған да уәжіп болар. Алла Тағала біздің бір-бірімізге деген құрмет пен сүйіспеншілігімізді артсын.

**Жалғас САДУАХАСҰЛЫ,  
дінтанушы, философия  
ғылымының кандидаты**

Меншік иесі:



республикалық рухани-ағартушылық газеті

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
«Дінтанушылар конгресі»  
ҚБ

**Төраға**  
Айдар ӘБУОВ

ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯСЫ:

Бас редактор  
Жалғас САНДЫБАЕВ

Әдеби редактор  
Жайық НАҒЫМАШ  
Жауапты хатшы  
Әлімхан СЫРБАЙ

Көркемдеуші әрі техникалық редактор  
Заңғар ӘБДІКЕРІМ

МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:

Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 57  
«Бейбітшілік және келісім сарайы», 129 к. Тел: 8 7172 74 46 77  
e-mail: zhabdramanov@gmail.com

Газет ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетіне тіркеліп, 2015 жылдың сәуір айында №15224-Г куәлігі берілген.

Редакция қолжазба иегерлерінің пікірлері мен ойларын бөлісуі шарт емес. Газет www.e-islam.kz сайты редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Таралымы 8 000 дана